

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі

«БЕКІТЕМІН»

Колледж директоры

С.М.Бахитшева

29.08.2019 ж.



**Тәрбие жұмысы бөлімінің
2019-2020 оқу жылына арналған
жоспары**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары м.а. Р.М.Ғалымова

2018-2019 оқу жылындағы тәрбие жұмысына талдау:

Колледжде 2018-2019 оқу жылы Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие концепциясында көрсетілген тәрбиенің негізгі бағыттарына негізделіп жүргізілді. Тәрбиелік шаралар әртүрлі форматта жоспарланып, кестеге сай ұйымдастырылды. Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша төмедегідей ірі шаралар ұйымдастырылды.

Елінің саяси дербестігін аңсап, халық ағарту ісінде еңбек еткен Алаш ардақтылары шығармашылығына көңіл бөліп, зиялы қауым өкілдеріне қошемет көрсетіп, Жаһанша мұрасын ұрпақ санасына жеткізу мақсатында және Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Рухани мұра» атты Алаш арыстарына арналған кабинеттің тұсауы кесілді.

Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» бөлімі аясында киелі жерлерге саяхаттау арқылы тарихымызды танып-білу, елдің рухани құндылықтарын насихаттау жолында колледж ұжымы қазақтың қасиетті өңірі – Батыс Қазақстан облысындағы әйгілі Бөкей Ордасына сапар шегіп, тарихқа бай мекеннің жай-күйін көзбен көріп, көңілмен толқып қайтты.

«Жаһанша жолы» клубының мүшелері «*Жаһанша ізімен*» атты экспедицияға сапар шегіп, Ж.Досмұхамедовтың кіндік қаны тамған Бұлдырты топырағына, алаштықтардың съезі өткен Қаратөбе ауданының орталығына барып, жол-жөнекей кездесетін жер-су атаулары жазылған белгілер, тарихи ескерткіштермен танысты.

Педагогика, психология кафедрасында «Ай керім» қыздар клубы құрылып, қазақ қыздарының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай қадір қасиеттерді дарытуды мақсат етіп, «Қызда қылық болмаса, құр шырайдан не пайда?» атты ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, ұстаз, айтыс ақыны Шолпан Қыдырғиязовпен кездесу өткізілді. «Менің тәрбие сағаттарым» атты әлеуметтік желідегі жазбалары алдын ала таныстырылды. Студенттер кездесуден үлкен әсер алды.

«Ұлы даланың ұлы Президенті» атты тұңғыш Елбасы күніне арналған апталық өтті. Акция барысында «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы, ел жетістіктері насихатталды. Студенттер Елбасына арнауларын оқыды, топтарда «Менің Елбасым» атты ой толғау жазылып, студенттер Елбасының еңбектерімен танысты.

Қоғамда діни радикализм мен экстремизм идеологиясының таралуына жол бермеу, студенттердің құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілері, түрлері бойынша студенттер арасында «*Өз тағдырыңа балта шаппа!*» атты тәрбиелік шарада Қазақстан Республикасы дін істері және азаматтық қоғам министрлігі тарапынан құрылған дін саласындағы Республикалық ақпараттық – түсіндіру тобы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

2019 жыл «Жастар жылы» деп жарияланғанына орай «Болашақ-жастар көзімен» атты тәрбие сағат өткізілді. Шара студенттерге Жастар жылының ашылуы салтанаты туралы ақпарат бере отырып, Отанды сүйуге, өз елінің патриоты болуға үндеуді мақсат тұтты.

Осы оқу жылындағы педагогикалық кеңесте «Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың дәстүрлі және инновациялық бағыттары» атты мәселелер талқыланды. Колледждегі тәрбие және әлеуметтік жұмыс жағдайы: жетістігі, кемшілігі, ұсыныстар, «Студенттерді ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу», «Тәрбие жұмысында қолданылатын жаңа технологиялар», «Шетел тәрбиесінің тиімді тұстары» тақырыбында Жапониядағы, АҚШ-ғы, Англиядағы тәрбие жұмыстарының үлгісі, «Студенттік өзін-өзі басқару кеңесі жұмысы туралы: кемшіліктер, жетістіктер, ұсыныстар» талқыланып, алдағы оқу жылына ұсыныстар анықталды.

Кемшіліктер:

- Студенттердің жоба жұмыстары өте аз, студенттердің ғылыми жұмыспен айналысуы орташа.
- Ұйымдастырылған шараларға топ студенттері мен оқытушылардың қамтылуының аз болуы;
- Топтарда ұжымдық қарым-қатынасты қалыптастыру үшін тренинг, ойындар ұйымдастырудың аздығынан, топаралық кикілжіңдердің көрінуі;

Ұсыныстар:

- Оқытушылар тарапынан студенттерге ғылыми-әдістемелік көмек беретін курстар немесе түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру. Студенттерді ғылыми жоба жұмыстарына тарту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау жұмыстарын жүргізу.
- Ұйымдастырылған шараларды жүргізуде жұмыстардың формасына, қатысушылар санына, маңыздылығына ерекше назар аудару.
- Психологиялық қызметті күшейту. Топ студенттерінің ұжымдық қарым-қатынасын, тұлғаралық қатынасын қалыптастыру үшін тренингтер өткізу.

I. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

Жан-жақты жетілген, тәрбиелі, қоғамның сұраныстарға жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті маман даярлау.

1. Қоғамда қалыптасып отырған ұстанымдарды қабылдауға қабілетті азаматтың қалыптасуына, оның патриоттық сезімінің дұрыс бағытталуына, тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; жасөспірімдердің құқықтық санасының өсуіне, оның өз ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Студенттің рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Студенттердің жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Студент-жастар тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, тәрбие мәселесіндегі олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Студенттің еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.
6. Әр студенттің зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету. Студенттердің жоба жұмыстарына назар аудару.
7. Білім беру ұйымдарында көп мәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. ҚР Президенті Н.А. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауы мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы идеяларын толық жүзеге асыру мақсатында болашақ мамандардың рухани, интеллектуалдық және кәсіби мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасап, бәсекеге қабілетті, құзыретті маман дайындауға колледждің оқу-тәрбие үрдісінде кешенді іс-шараларды ұйымдастыру. Тәуелсіз еліміздің студент жастарын отансүйгіштікке тәрбиелеуде ҚР Президентінің таяуда жариялаған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық сипаттағы мақаласында «Туған жер» бағдарламасын басшылыққа ала отырып, тарихи өлкетану жұмыстарын жандандыру.
10. Суицид превенциясы, суицидтің алдын алу бойынша құқық қорғау органдарының ролі, жастардың бойында позитивтік өмірлік ұстанымын қалыптастырудағы ата-ананың ролі, жыныстық тәрбие беруді ұйымдастыру жолдары туралы психологиялық кеңес беру;
11. Экстремизм және терроризмге, сыбайлас жемқорлыққа, заңсыз іс әрекеттерге қарсы түсіндіруде ҚР Бас прокуратурасының бастамасымен бекітілген, «Тұрақтылық кепілі - қауіпсіздік» жобасы аясында кең ауқымды түсіндірме жұмыстарын жоспарлау.

II. ТӘРБИЕ ҚЫЗМЕТІН АТҚАРУҒА ҚАЖЕТТІ НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің нормативтік негізін Қазақстан Республикасының келесі стратегиялық құжаттары құрайды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2011. 02. 02. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
 2. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ Кодексі (2014. 17.11. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
 3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (2015.13.01. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
 4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы (2014.29.12. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
 5. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-ІҮ Заңы;
 6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»;
 7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»;
 8. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол»;
 9. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы
- Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығымен бекітілген (2014. 12.08. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
10. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 жарлығымен бекітілген;
 11. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген;
 12. «Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы;
 13. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 Қаулысымен мақұлданған;

14.Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 Бұйрығымен бекітілген;

15.«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 Бұйрығы.

16.Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын, Бала құқықтары туралы конвенцияны, Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының халықаралық декларациясын, Үздіксіз білім беру бойынша ЮНЕСКО ұсынымдарын ескереді.

17.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығы.

III. КОЛЛЕДЖ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМДЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ:

р/с	Тәрбие бағыттары	Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы)	Іске асыру механизмдері
1.	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.	Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға; ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке; елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына; өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне; басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына; өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне; құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына; заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш	Сабақтар, оқу пәндері, сабақтан тыс іс-әрекеттер, қосымша білім беру. Ерлік, намыс және абырой, Отанға адал қызмет ету тағылымдарын өткізу. Дебат және пікірталас клубтарын ұйымдастыру. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке үндеген патриоттық форумдар, акциялар. Студенттердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуге арналған байқаулар мен олимпиадалар. Мемлекет, әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, қоғам қайраткерлерімен, құқық қорғау, әділет органдары, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдары қызметкерлерімен кездесулер. Жастардың бастамашыл жобаларын дамыту. Жастар қозғалысы қызметін; қоғамдық қорлармен бірлескен қызметті жандандыру; әңгімелер, дәрістер, семинарлар, тренингтер; саяхаттар; ақпараттық-құқықтық материалдар тарату; «сенім қызметтерін», құқық

		сезімін және жауапкершілік таныту.	бұзушылыққа қарсы акцияларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.
2.	Рухани-адамгершілік тәрбиесі Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.	мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына; өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет-ғұрпына; діни құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-ұжданымен орындалған қылықтарға; түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне; өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.	Педагогикалық консилиумдар, ата-аналар институты; «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани тәрбие бағдарламасының тәрбиелік рөлін күшейту, рухани-адамгершілік тәрбие тұрғысынан қосымша білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы жүзеге асырылады.
3.	Ұлттық тәрбие. Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.	этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына; қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына; Қазақстанның этномәдениетіне; этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.	Тәрбие сағаттарында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды кіріктіру «Мәңгілік Ел» жобасы аясында акциялар, ҚР Елтаңбасы, Туы мен Гимнін, мемлекеттік тілді, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша олимпиадалар және байқаулар өткізу; өлкетану жұмыстары және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

4.	Отбасы тәрбиесі Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.	этноэлеуметтік рөлдерге; өз отбасына және ұрпақ жалғастыруға; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау.	Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері және ата-аналар комитеті; Репродуктив денсаулық орталықтары, мамандар кеңесі және бірлескен отбасылық іс-шаралар өткізу; жасөспірімдер мен бойжеткендердің жүріс-тұрыс мәдениеті туралы жастармен әңгімелер жүргізу, ата-аналардың колледж өміріне қатысуы; әкелер, аналар клубтары; ақсақалдар алқасы; ата-аналардың психологиялық-педагогикалық жаппай оқуы; мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастық; балалар мен жастардың қосымша білім беру нысандарына ақысыз негізде қол жеткізуін ұйымдастыру; фестивальдер, байқаулар, «Менің отбасым», «Жыл отбасы» жарыстары арқылы жүзеге асырылады.
5.	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.	мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына; экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне; табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әртүрлі қызметке; кәсіби білім мен өнімді еңбекке; нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру; экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға; еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; мамандық таңдауына;	Туған өлкеге жасаған экспедициялар, туристік жорықтар, сенбіліктер, колледжді, қаланы көгалдандыру мен абаттандыру, жасыл желек отырғызу, «Жасыл ел» қозғалысы және «Өзін-өзі тану» бағдарламасы аясында волонтерлық қозғалыстар, экологиялық форумдар, ғылыми экологиялық жобалар, табиғат зоналарын қоқыстан тазартуға қатысу. Технология сабақтарындағы еңбек тәрбиесі, қосымша білім беру, мектептен тыс, сабақтан тыс іс-әрекеттер; кәсіпорындарға саяхаттар, тәлімгерлермен, жаңашылдармен, табысты кәсіпқорлармен кездесулер, тәлімгерлік, кәсіби шеберлік байқаулары, студенттердің құрылыс және педагогикалық отрядтары арқылы жүзеге асырылады.

		үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.	
6.	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие Мақсаты: Өрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.	өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне; сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне; зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне; пікірталас жүргізу дағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпарат көздерін сыни іріктеуге; Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне; Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру; Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.	Қызығушылығы бойынша үйірмелер және сабақтар, мектептік және желілік дебат турнирлері, жастармен бірлескен жобалық жұмыстар; жастар бірлестіктеріндегі қызмет, түрлі деңгейдегі бірге басқару органдарына қатысу, қосымша білім беру, жаратылыстану ғылыми және гуманитарлық циклдары пәндерінің «Өзін-өзі тану» пәнімен кіріктіру. Зияткерлік ойындар, байқаулар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар. Дарынды мамандармен және замандастарымен кездесулер, рефераттар, ғылыми-зерттеу, ғылыми-тақырыптық ақпараттық жобалар, шығармашылық жұмыстар, баяндамалар, мәлімдемелер, бұқаралық ақпарат құралдары, сайттар, кітапханаларды дәріптеу. Психометриялық және социометриялық тесттер мен әдістемелер; көшбасшылықты дамыту жөніндегі бағдарламалар және т.б. арқылы жүзеге асырылады.
7.	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және	толеранттық және ғаламдық пікірге; көпмәдениеттілік және көптілділікке; мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу;	Жастарда мәдениеттер мен халықтардың алуан түрлі бірлігін көру біліктілігін дамыту. Үйірмелер, әдеби клубтар және т.б.; театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға саяхаттар; шығармашылық кештер,

	болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, көпмәдениетті орта құру.	мәдениетаралық әрекетке; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларға; қарым-қатынас мәдениетіне; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық таныту.	оқушылар жұмысының көрмелері, байқаулар; белгілі тұлғалармен, өнер қайраткерлерімен және т.б.кездесулер; Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылады.
8.	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық саулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.	денсаулық жағдайының скринингіне; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге; табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға; денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез-құлыққа; өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылыққа; қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге;	Дене тәрбиесі сабағы, спорттық секциялар мен үйірмелер, «Өзін-өзі тану» бағдарламасы аясында репродуктив денсаулық, нашақорлық, маскүнемдік, темекі тарту және АҚТҚ алдын алу және салауатты өмір салты негіздері бойынша ақпараттық-ағарту курстар, семинар-тренингтер; денсаулық фестивальдерін, спартакиадалар, қауіпсіздік бағдарларын өткізу; ақпараттық-диагностикалық материалдар дайындау және тарату; «сенім қызметтерін» ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

IV. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

р/с	Іс шаралар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу формасы
1.	Топ жетекшісін тағайындау туралы бұйрықты дайындау. Жұмыс жоспарын дайындау және айына бір рет отырысын өткізу.	29.08. дейін	Ғалымова Р.М.	Бұйрық, жұмыс жоспары, хаттамалар
2.	Топ жиналыстарын өткізу, белсенділерді анықтау, староста тағайындау және студенттерді ішкі тәртіп ережесімен таныстыру.	05.09 дейін	1 курс кураторлары	Топ белсенділері, Хаттамалар
3.	Топтың тәрбие жоспарын жасау және бекітуге ұсыну.	10.09 дейін	1-4 курс кураторлары	Жұмыс жоспары
4.	Жаңадан қабылданғандармен жүргізілетін бейімдеу жұмыстарының шараларын дайындау. Оларды колледждің тарихы және дәстүрлерімен таныстыру.	31.09 дейін	Ғалымова Р.М. 1- курс кураторлары	Іс-шараларды бекіту
5.	Қазақстан Республикасы Конституциясының 24 жылдығына және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына арналған іс-шаралар жоспарын дайындау.	29.08 дейін	Ғалымова Р.М. Топ жетекшілері	Іс-шараларды бекіту
6.	Колледж студенттік Кеңесін сайлау: секторлар, олардың құрамын анықтау, Кеңестің жұмыс жоспарын жасау.	10.09 дейін	Махамбетова А.М.	хаттама
7.	Тәрбие Кеңесі, Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесі, мемлекеттік рәміздермен жұмыс комиссисы құрамын бекіту және олардың жұмыс жоспарларын жасау.	10.09 дейін	Директордың орынбасары, психолог	Бұйрықтар, жоспарлар
9.	Кітапхана жұмысының, психологиялық қызметтің, Әскери-патриоттық Кеңестің, спорт секцияларының жоспарларын жасау	10.09 дейін	Кітапханашы, психолог, АӘД оқытушысы, спорт клуб жетекшісі	Жұмыс жоспарлары
11.	Коррупцияның алдын-алу жұмысы, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын-алу жұмыстары, ішкі істер бөлімінде есепте тұрған студенттермен жұмыс жүргізу іс-шараларын жасау	18.09 дейін	Директордың орынбасарлары Нуралиева А.А.	іс-шара-жоспары
12.	Топ старосталарымен мәжіліс өткізу	Апта сайын	Бөлім меңгерушілері	хаттама
13.	Экологиялық шаралар өткізу, топтарда санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізу	Әр аптаның жұма күні	Директордың орынбасары, кабинет меңгерушілері, топ кураторлары	Тазалық күні, Фотоесеп

14.	Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауын талқылауды ұйымдастыру шараларын өткізу	қыркүйек	1-4 курс кураторлары	Хаттама
15.	Терроризм мен діни экстремизмнің алдын-алу шараларын өткізу	Семестріне бір рет	1-4 курс кураторлары	Жоспар, Фотоесеп
16.	Ата-аналар комитетін бекіту, жұмысын жоспарлау, отырыстарын өткізу: -онлайн түріндегі ата-аналар жиналыстары, жеке әңгімелесу; Ата-аналарға тәрбие жұмысының нәтижесі мен студенттердің сабаққа қатысуы туралы мәліметтерді жеткізу	Жоспарға сәйкес	Директордың орынбасары, кураторлар	Бұйрық, жұмыс жоспары, жиналыс хаттамасы, фотоесеп
17.	Колледждегі тәрбие жұмысы жетістіктерін кең көлемде насихаттау. БАҚ жариялау	жоспарға сай	ДТІЖО, ДӘІЖО Кітапхана меңгерушісі	Мақала
18.	Қалалық іс-шараларға белсене қатысу, әсіресе бала құқығын қорғау бағытындағы, құқықбұзушылықтың алдын-алу, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға отбасылар мен балаларды апару, дөңгелек үстелдер, семинарларға қатысу, әлеуметтік категориядағы балаларды мерекелік шараларға қатыстыру, акция, флеш-моб, денсаулық сақтау орындары өкілдерімен кездесуге үнемі қатысып отыру.	Жыл бойы	Директордың ӘІЖ орынбасары Директордың ТІЖ орынбасары Әлеуметтік педагог Ішкі істер органы қызметкерлерімен кездесу	Анықтама, Фотосуреттер, мәліметтер
	Алдын алу шараларын жүзеге асыру: - <i>Тұрмыстық жәбірлену әсіресе әлеуметтік жетімдік</i> - <i>Діни экстремизм және терроризм</i> - <i>Девиянтты мінез-құлық</i> - <i>Құқықбұзушылық, нашақорлық, шылым шегу, ішімдікке әуестік</i>	Жыл бойы	Директордың ӘІЖ орынбасары Директордың ТІЖ орынбасары	Анықтама, хаттамалар
	Бала құқықтарын қорғау бағытында: - <i>Ата-ана құқығынан айыру туралы соттың шешімі бар баланы қорғау бағытында құжаттар дайындау;</i> - <i>Сот процесі кезінде баланың құқығын қорғаушысы ретінде қатысу;</i> - <i>Жасөспірімді тұрғын үймен қамтамасыз етуге жағдай тудыру;</i> - <i>Жетім балалардың құжаттарын дайындауға әрекеттену;</i>		Директордың ӘІЖ орынбасары Директордың ТІЖ орынбасары Әлеуметтік педагог Колледж психологі	Қолдау көрсету, психологиялық жайлылық және қауіпсіздік жағдайын жасауға көмектесу

V. КОЛЛЕДЖДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУ ЦИКЛОГРАММАСЫ

р/с	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталуы
1.	Апта қорытындысы бойынша студенттік Өзін-өзі басқару кеңесі	Әрбір дүйсенбі	Жастар комитеті	Апта қорытындысы туралы анықтама
2.	Сабаққа қатысуды тексеру және талдау жасау, жүйелі сабаққа қатыспай жүргендермен жұмыс жүргізу.	Күнделікті	Бөлім меңгерушілері, студенттік Өзін-өзі басқару кеңесі	Күнделікті сағат 10.00-ге директорға хабарлама және апталық талдау
3.	Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесінің отырыстары	Айдың соңғы бейсенбі күні	ДТІЖО, ДӘІЖО, Әлеуметтік педагог, психолог	Хаттама
4.	Тәрбие Кеңесінің отырыстары	Айдың соңғы жұма күні	ДТІЖО, ДӘІЖО	Хаттама
5.	Спорт үйірмелері мен жарыстарын ұйымдастыру және өткізу	Сейсенбі, Бейсенбі, Сенбі	Дене тәрбиесі кафедрасы	Журнал
6.	Тәрбие сағаттарын өткізу	Кестеге сай	Кураторлар	Хаттама
7.	Апталық тәрбиелік-көпшілік шаралардың қорытындысы бойынша топ старосталарының мәжілісі	Бейсенбі	ДТІЖО	Хаттама

VI. КОЛЛЕДЖ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ЖОСПАР

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

№	Іс шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу формасы
1.	ҚР Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа жолдауы мен «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы аясында Білім күніне арналған салтанатты жиын.	Қыркүйек	ДТІЖО топ жетекшілері	Ақпарат
2.	«Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» атты алғашқы тәрбие сағаттары.	Қыркүйек	топ жетекшілері	Фотоесеп
3.	БҚО сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі департаменттің мамандарымен жалпы Республикалық бірыңғай «АДАЛДЫҚ САҒАТЫН» ұйымдастыру. Әр топты «Академиялық адалдық саясаты» құжатымен таныстыру.	Қыркүйек	ДТІЖО ДӘІЖО Топ жетекшілері	Ақпарат, хаттама
4.	«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Өз жеріңді танып, біл» атты студенттердің мұражай, тарихи	Қыркүйек	ДТІЖО Дене тәрбиесі және спорт, Қоғамдық пәндер	Ақпарат, буклет Жинақ

	ескерткіштерге экскурсиясын ұйымдастыру.		кафедрасы	
5.	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы құрамына 1курс студенттерін қабылдау.	Қыркүйек	Директордың ТІ орынбасары Әскери-патриоттық кеңес	Ақпарат
6.	«Әскерге шақырушылар күні» облыстық акциясына студенттердің белсенді қатысуын ұйымдастыру.	Қазан	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы	Ақпарат
7.	Колледж аралық әскерге шақырушылар арасында күзгі спартакиада (кросс, мылтық ату, кермеге тартылу)	Қазан	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы	Ақпарат
8.	«Ұлы Дала» жобасының аясында «Жаһанша жолымен» ғылыми-экспедициялық жұмыстарды жалғастыру; Құрманғазы еліне Атырау өңіріне саяхат Түркістан қаласына саяхат	Қазан	Директордың орынбасары, қоғамдық жән жаратылыстану пәндері, дене тәрбиесі кафедрасы	Мақала, Бейнебаян дайындау
9.	«Жаһанша оқулары» II ғылыми конференциясы	Қараша	Директордың орынбасары, қоғамдық жән жаратылыстану пәндері	Конференция материалдары
10.	«Жастар құқық бұзушылыққа және діни экстремизмге, терроризмге қарсы» құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу.	Қараша	Тәрбие бөлімі	Хаттама
11.	“Айбын” және «Құп болады сапқа тұруға әзірміз!» әскерилендірілген ойындарды өткізу.	Қараша	Топ жетекшілері	Фотоесеп
12.	Тұңғыш Президент күніне арналған «Ел тірегі болған Елбасы!» атты патриоттық шара	Желтоқсан	Жас саясаткер клубы топ жетекшілері	Ақпарат
13.	Мылтық атудан Кеңес Одағының Батыры И.Коняхиннің жұлдесі үшін қалалық жарысқа қатысу	Желтоқсан	Әскери жетекші	Ақпарат
14.	Қр Тәуелсіздігінің 28 жылдығына арналған колледж ішілік әскери-спорттық жарыстар ұйымдастыру	Желтоқсан	Директордың ТІ орынбасары Әскери жетекші	Ақпарат
15.	ҚР Тәуелсіздігі күніне арналған «Еліміздің еркіндігі-Тәуелсіздік!» атты мерекелік концерт	Желтоқсан	ДТЖО Жастар комитеті Музыка кафедрасы	Ақпарат
16.	Облыстық қорғаныс департаментіне шақыру жасына дейінгі және шақырылушы жастардың дене дайындығының жай-күйі, оны жақсарту шаралары жөнінде ақпарат беру	Желтоқсан	Директордың ТІ орынбасары Әскери жетекші	Ақпарат
17.	Парасыз сынақ кітапшасы «Таза сессия» шараларын ұйымдастыру	Желтоқсан	Директордың ТІЖ орынбасары, Директордың ӘЖ орынбасары	Хаттама

			Әлеуметтік педагог Жастар комитеті	
18.	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша <i>«Сыбайлас жемқорлық деген не?»</i> , <i>«Біздің таңдауымыз – жемқорлықсыз болашақ!»</i> департамент қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру, жатахана тұрғындарымен әңгіме тәрбие сағаттарын жоспарлау.	Желтоқсан	Директордың ТІЖ орынбасары, Директордың ӘІЖ орынбасары Әлеуметтік педагог Топ жетекшілер	Хаттама Анықтама
19.	«Жемқорлыққа қарсы студенттер!» акция	Қаңтар	Жастар комитеті	Ақпарат
20.	Демалысқа келген әскери-оқу орындарының курсанттарымен студенттердің кездесу кешін ұйымдастыру.	Қаңтар	Жастар комитеті. Әскери жетекші	Мақала
21.	Әскерге шақырылушы жастар арасында қысқы спартакиада (шаңғы тебу, кермеге тартылу, мылтық ату)	Ақпан	Әскери жетекші	Ақпарат
